

№ 18-10-65
04.03.2024

**Парламент Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палата отырысының
«Ғылым және технологиялық саясат туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының жобасын
талқылау қорытындысы бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

2024 жылғы 16 ақпанда Алматы қаласында VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палатаның көшпелі отырысы өтті.

Отырыста «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының негізгі ережелері талқыланды.

Қоғамдық палатаның мүшелері елдің 2029 жылға қарай ЖІӨ-ні (жалпы ішкі өнім) екі есеге арттыру мақсаттарына байланысты ғылым туралы жаңа заңнаманы қабылдау ерекше өзектілікке ие болатыны туралы пікір білдірді. Осыған байланысты ғылымды, оның ішінде іргелі ғылымды жеделдетілген түрде дамытудың, оның жетістіктері мен нәтижелерін әлеуметтік-экономикалық салаға, өндіріске бағыттаудың маңыздылығы артып келеді. Бұл ретте бизнес пен ғылыми құрылымдардың нәтижелі өзара іс-қимылын жолға қою маңызды. Қоғамдық палата ғылыми жұмысты ынталандыру, ғалымдарды мемлекеттік қолдау, ғылымды басқару саласын жетілдіру мәселелерін де көтерді.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палата мыналарды **ҰСЫНУДЫ** орынды деп есептейді:

Әлеуметтік-мәдени даму комитеті (бас комитет) уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп:

- қаржыландырудың жаңа түрін – «зерттеу университеттерінің ғылыми инфрақұрылымын дамытуды қаржыландыруды» енгізе отырып, 34-баптың 2-тармағын (Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті қаржыландыру) жаңа 5) тармақшамен толықтырсын. Ол «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша бөлінетін қаражат шеңберінде мүмкін болады;

- зерттеу университеттерінің ғылыми инфрақұрылымын дамытуға арналған бюджеттен қаржыландыру көлемін айқындау мен бөлуді ЖҒТК міндеттерінің тізбесіне енгізе отырып, 20-баптың 3-тармағын (Жоғары ғылыми-техникалық комиссия) жаңа 8) тармақшамен толықтырсын;

- жер қойнауын пайдаланушыларды қаржыландырудың ашықтығын арттыру мақсатында олардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есебін енгізу туралы норманы енгізісін;

- ғылыми-техникалық кеңестер құруға, жер қойнауын пайдаланушылардың ҒЗТКЖ бойынша жыл сайын жарияланатын ашық

есептерін енгізуге байланысты – ғылым саласындағы уәкілетті органның осындай жұмыстарға арналған шығыстар бойынша шегерім жүргізу үшін қажетті ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жөніндегі хабарламаларын алып тастау туралы мәселені қарасын (ҚР Салық кодексінің 254-бабының жаңа редакциясы);

- ғылымды дамытудың жалпы бағытының академиялық еркіндік, гуманизм, ғылыми әдеп, академиялық адалдық сияқты қағидаттар мен құндылықтарға сәйкестігін көздесін;

- ғалымның құқықтық қорғалуын, еңбек құқықтарын, еңбек шартының тұрақтылығын белгілей отырып, оның мәртебесін нығайту бөлігінде заң жобасын БҰҰ мен ЮНЕСКО-ның халықаралық стандарттарына сәйкес келтірсін. Бұл ретте ғалымның осы құқықтарын іске асыру тетігі болуға тиіс;

- мемлекеттік шешімдер қабылдаудың ғылыми негізділігі қағидатын енгізісін, онда мемлекеттік органдар мемлекеттік шешімдерді әзірлеу және қабылдау үшін міндетті түрде ғалымдарды тартады;

- ғылыми қызметті, ғылыми жетістіктерді дәріптеу қағидатын енгізісін;

- ғылыми-техникалық ақпаратты жүйелеу мен таратудың сақталуы қағидатын енгізісін;

- уәкілетті органның құзыретін ғылыми, ғылыми-танымал, ғылыми-техникалық әдебиеттерді басып шығару және тарату жөніндегі өкілеттіктермен толықтырсын;

- мемлекеттік ақпараттық тапсырыс шеңберінде ғылымды дәріптеу мүмкіндігін қарастырсын;

- рефераттық журналдарды басып шығару және тарату арқылы салалық уәкілетті органның құзыретін толықтырсын;

- салалық уәкілетті органның құзыретін қазақстандық ғылыми дәйексөз жүйесінің жұмысын ұйымдастырумен толықтырсын;

- ҚР Ұлттық ғылым академиясының Қамқоршылық кеңес және Басқарма сияқты басқару органдарының орындылығын қарастырсын;

- ҚР Үкіметінің Үкімет жанынан Технологиялық саясат жөніндегі кеңес құру жөніндегі құзыретін көздесін;

- Апелляциялық комиссияның тиесілілігін айқындасын;


- ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың ғылыми кадрларды даярлауды қаржыландырудан басымдығы қағидатын айқындасын;

- оқушыларға арналған ғылыми үйірмелер мен оқушыларға арналған ғылыми әдебиеттер баспасы бөлігінде білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыретін көздесін;

- 13-бапты (Зерттеу университеті) жаңа 5-тармақпен толықтырсын, онда ұлттық зерттеу университеттерінің гранттар мен бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудан түскен қаражаттың 15 пайызын өзінің ғылыми инфрақұрылымына қызмет көрсетуге және дамытуға бағыттай алатыны көзделсін;

- ҒЗТКЖ қаржыландыратын шағын және орта бизнес субъектілеріне (салық салу, шегерімдер бөлігінде) преференцияларды көздесін;
- ғылымды гранттық қаржыландыруды ұлғайту мақсатында бизнес субъектілерін тартсын және ынталандырсын;
- глоссарийді «сарапшы» және «ғылыми сараптама» деген ұғымдармен толықтырсын;
- уәкілетті органның құзыретінде жоғарғы оқу орындарының ғылыми немесе ғылыми-техникалық қызметпен айналысуға ниет білдіретін түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуді көздесін;
- заң жобасында мемлекеттік емес ғылыми ұйымдардың мәртебесі мен құқықтарын айқындасын;
- шетелдік ғылыми тағылымдамалардың нәтижелілігін регламенттесін;
- глоссарийді меншік нысандары бойынша (мемлекеттік немесе жекеменшік) бөле отырып, «ғылыми ұйым» деген ұғыммен толықтырсын;
- уәкілетті органның ҚР Ұлттық ғылым академиясы академиктерін сайлау тәртібін бекіту туралы құзыретін көздесін;
- ҚР Ұлттық ғылым академиясына бүкіл ғылыми қоғамдастықтың әдіснамалық немесе ғылыми жұмысын үйлестіру міндеттерін жүктесін;
- глоссарийді «ғылымиметрия» деген ұғыммен толықтырсын;
- Қазақстанда тіркелетін патенттердің ғылыми сараптамасы туралы мәселені пысықтасын.

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі жанындағы
Қоғамдық палатаның төрағасы**

 **А. САРЫМ**